

## 2009 жылы Шал ақын ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 17 тамыздағы N 177 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 қыркүйекте N 13-14-84 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 7 қазандағы N 238 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 2011.10.07 N 238 Қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 5-тармағына, 20-бабының 5-тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру бойынша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 қаңтардан № 836 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстар түрлері бойынша, еңбек ақы мөлшері және көлемі, ұйымдардың түрлері мен тізбесі (одан әрі мәтін бойынша - Тізбе) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Шал ақын ауданының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, қоғамдық жұмыстарды өткізуге аудан бюджетінен қарастырылған қаражаттың шегінде, бекітілген Тізбеге сәйкес жұмыссыз азаматтарды қоғамдық жұмыстарға бағытталуын жүзеге асырсын.

3. Тізбеге енгізілген ұйымдарға, жұмыстардың түрлері және жұмыстардың көлемі бойынша, жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға тартуын бекітілген Тізбеге сәйкес, қамтамасыз етсін.

4. «Шал ақын ауданының Қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, 451-002-100 «Жұмыспен қамту бағдарламасы, Қоғамдық жұмыстар» бюджеттік бағдарлама бойынша, қоғамдық жұмыстармен қамтылған жұмыссыздардың еңбек ақысының уақытты бөлінуін қамтамасыз етсін.

5. 2005 жылдың 2 наурызындағы № 38 «2005 жылға ақылы қоғамдық жұмыс ұйымдастыру туралы» Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаментінде 2005 жылы 25 сәуірінде № 1567 тіркелген аудан әкімдігінің қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуы аудан әкімінің орынбасары М.К. Жақсыбаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы ресми түрде жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннің өтуі бойынша қызметіне енгізіледі.

Аудан әкімі А. Әмрин  
 2009 жылдың 17 тамыз № 177  
 аудан әкімдігінің қаулысымен  
 бекітілді

**Қоғамдық жұмыстар түрлері бойынша еңбек ақы мөлшері және көлемі, ұйымдардың түрлері мен тізбесі**

Ұйымдар атауы	Жұмыс орындары	Қоғамдық жұмыстар түрлері	Разряд	Коэффициенті
		1. Тұрмыстық шаруашылық ұйымдарына қалалардың, елді мекендердің аулаларын жинауға көмек көрсету	I-II	1,39-1,49
		2. Жолдардың ағымдағы жөндеуі (шұңқырларды және жол жиегін жабу, кіреберіс жолдарды жөндеу, жол жиегін санитарлы тазалау және т.б.)	III-IV	1,59-1,70
		3. Мелиоративтік жұмыстар, сондай-ақ көктемгі-күзгі су тасқындарына байланысты жұмыстарды жүргізу.	III-	1,59-1,70
		4. Тұрғын үйлер құрылысына, оларды қайта жаңарту, құру және күрделі жөндеуге қатысу. Әлеуметтік және тұрмыстық маңызы бар (коммуналдық меншік болып табылатын мәдениет үйі, денсаулық сақтау (ауруханалар, фельдшерлік-акушерлік пункттер) және білім беру объектілері, селолық округ әкімдері аппараттары және басқа да бюджеттік ұйымдар үшін жалға берілген ғимараттар, егер осы мақсатқа жергілікті бюджетте қаражат қарастырылмаған болса немесе объектілерді тиісті түрде ұстау үшін ол қаражат	III-IV	1,59-1,70

Сергеевка және округ әкімдерінің аппараттары мемлекеттік мекемесі	қ. селолық	163 адам	жеткіліксіз объектілерде дайындау, құрылыс жөнінде 5. ескерткіштерін, және қалпына 6. аймақтарының сауықтыруы гүлшаттар шаруашылығын жетілдіру, жануарларды 7. дайындауға ішінде салудағы да 8. науқандарды қатысу халық жұмыспен әлеуметтік статистикалық 9. етілген қарттар, аударған сондай-ақ аудандардың тұрмыстық объектілері дайындауға, жеткізуге көмек 10. жүргізуге кітабын көрсету 11. аумағын күзету объектілерінен 12. жинайтын 13. азаматтарды дәрі-дәрмек	болса) қысқа және жүргізу көрсету Тарихи-сәулет кешенін аймақтарын келтіру. III 1,59 жөндеу және жұмыстарын жүргізу көмек Тарихи-сәулет кешенін қорық аймақтарын келтіру. III 1,59 Елді мекендер экологиялық (ағаш отырғызу, орман III 1,59 егу), сақтау және қаңғырма аулау. т.б. Спорттық іс-шараларды қатысу, соның қалашықтарын жұмыстарды III-1,59-IV-1,70 мұз қосалқы орындау. Республикалық және қоғамдық жүргізуге (сауалнама жүргізу, G-17 1,43 санағы, халықты камту және қорғау жөніндегі тексеріс) Халықтың аз қамтамасыз етілген және жалғызбасты жаңадан қоныс I 1,39 қала мен әлеуметтік-мәдениет отын үшін көмірді және түсіруге көрсету. шаруашылығы санағын және шаруашылық жасауға көмек G-14 1,43 Саябақтар, скверлер және көркейту меншік (жеке меншік басқа) I-II 1,39-1,49 Зираттарды, қоқыс көркейту жерлерді Жалғызбасты ауру қарт күту (тамақ, III 1,59 сатып әкелу, үй
---	------------	----------	--	---

